

Д.Ә. Бакиров<sup>1\*</sup>, Н.Д. Мырзатаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: dbakirov@mail.ru)

## Қазақстандық құқықтық менталитет және құқықтық нигилизм

Қазіргі қазақстандық қоғамда құқықтық мәдениет және құқықтық сананы жетілдіру құқықтық шынайылықтың өзекті мәселелерінің біріне айналды. Сонымен қатар, құқықтық нигилизм сұрақтары да алаңдатушылық тудыруда. Мақала қазақстандық қоғамдағы құқықтық менталитет, құқықтық нигилизм, құқықтық мәдениет және құқықтық сана мәселелерін зерделеуге арналған. Мақалада құқықтық менталитеттің ұғымы, оның құқықтық нигилизм ұғымымен өзара байланысы мен әсері қарастырылды. Құқықтық менталитет құбылысын және оның құқықтық нигилизммен байланысын зерттеудің қажеттілігі қазақстандық қоғамдағы құқықтық мәдениет, құқықтық сананы жаңа деңгейге көтеруде маңызды рөл атқаратындығымен негізделді. Осы орайда құқықтық нигилизм заң билігі мен үстемдігін қамтамасыз етудегі мемлекет және қоғам тарапынан атқарылып жатқан талпыныстар мен қадамдардың әсерін жоққа шығарады. Алайда, құқықтық мәдениет және құқықтық сананы қалыптастыратын тұлға мен қоғамның ментальдық ерекшеліктерін есепке алмай мүмкін емес. Кез келген қоғамның сипаты оның мүшелерінің құқықтық санасы мен мәдениетінің деңгейімен айқындалады. Құқықтық менталитетті зерделеу және оны түсінуді жаңа деңгейге көтеру, тұтастай қоғам және тұлғаның құқыққа деген оң қарым қатынасын қалыптастыруға және құқықтық нигилизмнің себеп салдарын түсінуге, онымен күресуде оңтайлы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Осыған орай, құқықтық нигилизмді зерделеу және оны еңсеру, құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитет мәселелерімен тығыз байланыста, қоғамдағы азаматтардың ментальдық ерекшеліктерін, олардың ортақ қалыптасқан құндылықтар жүйесін ескере отырып, кешенді түрде қарастырылуы қажет. Зерттеу нәтижесі ұлттық құқықтық жүйенің қазіргі жағдайын саралау, қазақстандық құқықтық менталитет және құқықтық нигилизмді бүгінгі тұрғыдан анықтау мен зерделеу, терең түсіну бағыттары мен шараларын әзірлеу.

*Кілт сөздер:* құқықтық мәдениет, құқықтық сана, құқықтық менталитет, құқықтық нигилизм, құқықтық реттеу.

### Кіріспе

Бүгінгі таңда, қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыру және оның деңгейін көтеру өзекті мәселелердің бірі. Қабылданып жатқан заңдар мен жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігі көп жағдайларда қоғамның, азаматтардың мәдениеті, санасы оның ішінде құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасына тәуелді. Құқықтық мәдениетті қалыптастырмай құқықтық мемлекетті құру мүмкін емес. Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына жетуінде оңтайлы құқықтық сана және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен жетілдіру мемлекет және қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі деп айтсақ артық болмас.

Қазақстандық қоғамның заманауи жағдайы құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті одан әрі жетілдіруді талап етеді. Ол үшін құқықтық сананың рухани тетіктері мен идеялық әлеуеті тиімді пайдаланылуы қажет. Құқықтық шынайылықты өзгертудің бірден-бір жолы құқықтық сананы жетілдіру болып табылады. Қоғамның құқықтық өміріне жағымды немесе жағымсыз әсер етуді әділ әрі шынайы бағалау, қоғамдағы құқықтық сананың болмысын көрсетеді. Құқықтық сана рухани, мәдени және ментальды тұрғыдан жетілген жағдайда ғана жағымды фактор бола алады. Бұл орайда, құқықтық нигилизмнің көріністерін дер кезінде анықтау, оның себеп салдарына сапалы талдау жасау, қажетті шаралар қабылдау үшін маңызды болып саналады.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік реформалар мен құқықтық саясатқа қатысты қоғамның көпшілік бөлігінде түсінбеушілік, кейде нигилистік көңіл күй байқалады. Бұл жағдай саяси-құқықтық жүйенің тұрақсыздығына, азаматтардың заңдарға, мемлекеттік институттар мен мекемелеріне сенімсіздікпен қарауына ұласып жатады. Сәйкесінше, қоғамның құқықтық санасы мен

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dbakirov@mail.ru

құқықтық мәдениетінің төмендеуіне жағдайлар туындайды. Ұлттық құндылықтар жүйесінде қалыптасатын басымдықтар саяси биліктің, жеке тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы қатынастар жүйесінде, құқықтық менталитетті тасымалдаушылардың саяси және құқықтық мәдениетінде көрініс табады.

Жаңа жағдайларға бейімделу жолында қалыптасқан саяси-құқықтық шынайылыққа сәйкес келетін жаңа құндылықтарды, әсіресе, құқықтық құндылықтарды қабылдаудағы адамдардың құлықсыздығы мен енжарлығы, саналы және бейсаналы дайын еместігі олардың тәжірибеде шынайы құндылықтарға айналуына үлкен кедергі болып табылады. Бұл кедергі құндылықтар арасындағы қақтығысқа әкеп соғады, оның салдарынан қоғам өмірінің барлық саласында дағдарыстың тереңдеуіне жағдай жасайды. Бұл жағдайға сөзсіз қоғамдағы құқықтық нигилизм де өз әсерін тигізеді. Ұлттық құндылықтар жүйесінде пайда болған басымдықтар тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы қарым-қатынастар жүйесінде осы құқықтық менталитет тасымалдаушыларының саяси және құқықтық мәдениетінде көрініс табады.

Қазақстан мемлекеті алдында заң үстемдік ететін азаматтылық сезімі жоғары қоғам құру міндеті тұр. Бұл мәселемен мемлекет 1991 жылы тәуелсіздік алғалы бері айналысып келеді. Ол ең алдымен азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыруды талап етеді. Себебі, азаматтардың рухани құндылықтары, құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының құлдырауы мемлекет және қоғам үшін орасан зор кесірін тигізеді.

Қоғамдағы құқықтық сананың жағдайына қарап, белгілі бір мемлекеттің қалыптасу немесе даму деңгейі туралы қорытынды жасауға болады. Құқықтық ережелерді жүзеге асырудың тиімділігі азаматтардың құқықтық санасының деңгейіне тікелей байланысты. Осыған орай, құқықтық сана мәселелеріне арналған заманауи ғылыми зерттеулер мен сарапшылық талдаулардың көбеюі кездейсоқтық емес.

Қазақстанның жаңа тарихында, яғни, тәуелсіздіктің отыз жылдық кезеңінде еліміздің құқықтық жүйесінің ірге тасы қаланды, нормативтік құқықтық базасы жасақталды. Құқықтық мәдениет және құқықтық сананың құрылымдық базасы жасалынып, іргелі теориялық құқықтық зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, құқықтық сана, құқықтық мәдениетті сапалы дамыту үздіксіз, тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Ешбір жағдайда, мемлекет бұл мәселені өзіндік ағымға жіберіп қоймауы маңызды.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру үшін, ең алдымен, осы мәселені құқықтық реттеудегі тарихи тәжірибені талдау, әлеуметтік әдістерді, қоғамдық көңіл күй, құқыққа деген ұлттық қарым қатынас негізінде жатқан және соның нәтижесінде құқықтық тәртіпті анықтайтын құқықтық менталитетті зерделеу де маңызды.

Отандық құқықтық ғылымда және тәжірибеде құқықтық менталитет термині мен ұғымы салыстырмалы түрде жаңа дүние. Бұл феноменді зерделеу қазақстандық қоғамда қалыптасқан құқықтық шынайылықта құқықтық мәдениет және құқықтық сананың қалыптасуын, ерекшеліктері мен заңдылықтарын терең түсінуге, сол арқылы оларды жаңа деңгейге көтеруге, жалпы құқыққа деген қоғамдағы көзқарастың жаңа ментальды деңгейін қалыптастыруда тың ұстанымдар мен идеялар әзірлеуге мүмкіндіктер жасайды.

Еліміздің қоғамдық-құқықтық саласында орын алып жатқан өзгерістер қазақстандық құқықтық кеңістікте заманауи құқықтық менталитеттің қалыптасу белгілерін білдіреді. Мұның барлығы, әрине, құқықтық мәдениет және құқықтық сананы қайта қарауды, оны құқықтық менталитет призмасы арқылы дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Менталитет мәселесін түсіну үшін қоғамдық ғылым салаларында заманауи қазақстандық қоғамның ерекшеліктерін зерделеуге бет бұрған зерттеулер жасалынып жатыр. Үйреншікті құндылықтардың, ойлау және мінез-құлық стереотиптерінің өзгеруі, болып жатқан процестердің мәні мен мазмұнын жылдам түсіну қажеттілігі азаматтардың құқықтық шынайылыққа және құқыққа жаңа көзқараспен қарауға және бағалауға мәжбүр етеді.

Құқықтық нигилизм посткеңестік мемлекеттердің барлығында дерлік жиі кездесетін күрделі мәселе. Осы орайда, Қазақстандағы құқықтық нигилизм мәселелері де олардан тыс қалмайды. Құқықтық нигилизмді құқықты және заңдарды құрметтемеуде, теріске шығаруда, оларға жағымсыз қарым қатынаста, заң билігі аясында жақсы өмір сүруге сенімсіздікте көрініс алатын адамдардың санасы немесе ойлау жүйесі деп тұжырымдауға болады. Құқықтық нигилизм қоғам және тұлғаның санасында орын алатын құбылыс. Сол себептен де қазақстандық құқықтық менталитет мәселелерін зерттеу аясында құқықтық нигилизм, оның пайда болу және өмір сүру заңдылықтары, оны еңсеру мәселелері де қарастырылуы тиіс деп пайымдаймыз.

*Әдістер мен материалдар*

Мақаланы дайындау барысында ұлттық нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттары, ғылыми қайнар көздер, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының көздері талданды. Сонымен қатар, ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, құқықтық модельдеу әдістері қолданылды.

*Нәтижелер мен талқылаулар*

Қазіргі уақытта, адамдардың көпшілік бөлігі құқықтың мәні мен анықтамасын білмей, оны түсінуге қызықпай құқықтық ортада, құқықтық тілде, құқықтық санада туып, тәрбиеленіп, өмір сүреді. Құқықтық мәдениетті, құқықтық сананы қалыптастыру мен түсінудің басты кілті — құқықтық менталитетті және құқыққа деген дәстүрлі қарым қатынастың ерекшелігін зерделеу болып табылады [1; 25].

Менталитет — тұлғаның немесе тұтастай халықтың мінез-құлқында, өмірінде және жүріс тұрысында көрініс алатын және олардың мәдениетімен, тілімен, дінімен, тәрбиесімен, әлеуметтік қарым-қатынасымен шартталған сананың аз өзгеретін тұрақты құрылымы [2]. Құқықтық менталитет тұлғаның немесе қоғамның құқықтық шынайылыққа қарым қатынасын көрсетеді және құқықтық шынайылықты және тәжірибені қабылдаудың, бағалаудың, түсінудің тиісті әдісін білдіреді.

Құқықтық менталитет — белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық-этникалық қауымдастықтың мемлекет, құқық және құқықтық шынайылыққа қарым-қатынасын көрсететін тарихи қалыптасқан дүниетанымдық идеялардың жүйесі. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитеттің өзара тиімді әрекеттесуі жағдайында ғана толыққанды құқықтық санасы жоғары тұлғаны қалыптастыру туралы айтуға болады.

Құқықтық менталитетті зерттеу және оны қалыптастырудың тұжырымды әдіс-тәсілдерін әзірлеу, біздің ойымызша, көпұлтты қазақстандық қоғамның дәстүрі, әдет-ғұрыптары, құндылықтары мен мәдениетін ескере отырып, ұлттық құқықтық жүйедегі оның орнын анықтау арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Тұлғаның қоғамдық өмірін реттейтін әдет-ғұрып, салт-дәстүр, құндылықтар, әртүрлі тарихи қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық мазмұндар құқықтық менталитеттің әрекет ету саласында қалыптасқан реттеушілер болып табылады. Бұл құбылыстардың барлығының өмір сүруінің ұтымды түсіндірмелері бар және олардың көпшілігі құқықтық нормаларда заңдастырылған. Бірақ менталитет саласының мазмұны негізінен адамның белгілі бір мәдени әлемге ену процесінде бейсаналық түрде игерілетін білімдер болып табылады [3; 109].

Қоғамдық санадан ерекшелігі ментальдық адамдардың дәстүрлі іргелі көзқарастарының жиынтығы ретінде әрекет етеді. Яғни, мәселе мазмұнда емес, жеке тұлғалардың ойлау образында, басқаша айтқанда, нені ойлайтынында емес, қалай ойлайтынында, қоршаған ортаны қалай қабылдап, әрекет ететіндігінде. Менталитет қоғамдық сананың массасының азғантай бөлігін құрай отырып, бағалау тәсілдерінің жиынтығы, өзінің табиғи және әлеуметтік ортасын сезіну, қоғамдық сананың фундаменті ретінде қызмет атқарады [4; 221].

Менталитет бұл көптеген әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерінен адамдардың күнделікті іс-әрекетінің барысында тарихи қалыптасқан әлеуметтік субъектілердің мінез-құлқы мен санасының тұрақты стереотиптерінің жиынтығы. Менталитеттің ерекшелігі күнделікті тіршілікте автоматизмге дейін жеткізілген әдеттерді қалыптастыру. Бұл әдеттер, ойлауды және түсіндіруді қажет етпейді. Ментальдық символ және мәтіндерде көрініс табатын шоғырландырылған ойды ғана емес, сонымен бірге, дүниетанымның бейнеленбеген тәсілдерін қамтиды [4; 221].

Осы орайда нигилизм, оның ішінде, құқықтық нигилизмді субъектінің мінез-құлқының мен санасының бір бөлігі немесе ол сыртқы факторлардың әсерінен пайда болатын құбылыс па деген сұрақ туындайды. Қазақстандық қоғамдағы құқықтық нигилизмінің себептеріне бірнеше факторлар келтіріліп жатады. Қоғамның қазіргі жасы келген ұрпақтарының бір бөлігі коммунизм идеологиясының үстемдігі кезінде өсіп тәрбиеленді, ол идеологияға сәйкес құқық «үстемдік етуші таптың еркі көрініс тапқан заң» деп қабылданды. Яғни заңдар қолданыстағы жүйені сақтауға және халықтың нақты бір бөлігін қорғауға бағытталған әділетсіз деп есептелді. Болашақта коммунизм қалыптасқан қоғамда құқыққа екінші дәрежелі рөл беріледі деп болжанған, ал коммунизм кең қанат жайылғаннан кейін бүкіл мемлекеттік құқық жүйесі «қажетсіз» ретінде жойылып кетуі керек деп есептелінді. Сондықтан кеңестік дәуірдегі көптеген шенеуніктердің заңдарға өзгермейтін және

міндетті нәрсе ретінде емес, капитализмнің реликтісі, құрметке лайық емес кәдімгі бос сөз тіркестері ретінде қарауы ғажап емес [5].

Ересек ұрпақтың екінші бөлігі Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде, экономика мен заңнаманың өтпелі кезеңінде, экономика қатаң капиталистік заңдармен нарықтық экономиканың рельстеріне асығыс түсіп, ауыр әлеуметтік сілкіністерге, қылмыс деңгейінің артуы, сондай-ақ қоғамның аса байлар мен кедейлерге әлеуметтік жіктелуі кезінде қалыптасты. Осының бәрі қоғамымызда радикалды құқықтық нигилизмнің, адамның санасынан тез баюға деген құштарлықтан басқаның барлығын ығыстыратын нигилизмнің дамуына әкелді. Құқықтық нигилизм жағдайында қоғамның өзі тез, заңсыз пайда табу жолдарын ынталандырса, сана сезімі жоғары орта таптың пайда болуы өте қиын екені анық.

Бүгінгі таңда қоғамда орын алған құқықтық нигилизмнің дамуына әсер ететін факторлардың бірі еліміздің бір қоғамдық формациядан екіншісіне еш даярлықсыз өтуімен де байланысты. Әсіресе, бұл белгілі бір идеология, құндылықтар негізінде өмір сүрген қоғам үшін үлкен қиыншылықтар тудырды. Өздері үшін мызғымас саналған қағидалардың жоққа шығарылуы, бұрынғы Одақтың күйреп, орнына мүлдем жаңа мемлекеттің орнығуы, мемлекеттік меншікке негізделген шаруашылықтың жеке меншікке ырықсыз өткізілуі қоғам мүшелері арасында жаңа қалыптасқан құқықтық жүйе, құқыққа деген сенімсіздікті, қабылдамау сезімдерін тудырды.

Сонымен бірге, қазақстандық тәжірибеде әділеттілік уақыт өте келе теңдік ретінде қабылдана бастады. Егер Батыста заң алдындағы теңдікті қалыптастыруға тырысса, Қазақстанда (социализм кезінде) олар нақты теңдік үшін күресті. Кеңестік қазақстандық заңдардың абсолютті теңдік құруға дәрменсіздігі көпшіліктің көңілін қалдырды, соның салдарынан заңсыз әдістер арқылы әділеттілікті қалпына келтіруге ұмтылыс пайда болды. Дегенмен, қазіргі қазақстандықтардың қоғамдық санасында ұжымшылдық пен қауымдастық идеялары әлі де берік. Қазақстандық тұлға жанұя — қоғам — мемлекет жүйелерінің күрделі жиынтығына кіреді.

Тағы бір назар аударатын жәйт, реформалар қоғамдық қатынастарды реттеуді жетілдіруде рухани қолдауға ие болмады және толығымен құқық институтына, оның нормалары мен тәртібіне сүйенді. Экономика мен құқықты ырықтандыру қоғамның моральдығымен тиісті деңгейдегі маңызды және табиғи қатынасынсыз өтті. Басқа елдердің тарихи тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қоғам мәдениетсіз, моральсыз, философиясыз және дінсіз прогрессивті қалыпты дами алмайды [6].

Қазақстандағы құқықтық нигилизм әлеуметтік-экономикалық және құқықтық дамудың шығыны ғана емес, сонымен бірге рухани дамудың жеткіліксіздігінен де орын алады. Осы күнге дейін жүргізілген реформалар мәдениеттің өрлеуін, қоғамның рухани өмірін жаңа жетістіктермен, идеялармен және құндылықтармен байытуды көздеді. Дегенмен, Қазақстандағы мәдениеттің дамуы күтілген даму деңгейінде болмады. Нарықтық экономиканы қалыптасуы, мемлекеттік құқықтық жүйеге заманауи стандарттардың енуі, әлеуметтік саланың деңгейінің көтерілуі, денсаулық сақтау саласының жақсаруы және басқа да реформалар ұлт тарихымен, мәдениетімен және имандылығымен жеткіліксіз байланыста жүргізілді. Осының салдарынан біз бүгінгі таңда қазақстандық құқықтық нигилизмнің феноменінің сипатын көруге болады. Ол бір жағынан азаматтардың заңдар мен ережелерге жазалау қаупі астында бағыныштылығын көрсетсе, екінші жағынан, кейбір қоғам топтарының сол немесе басқа құқық және заң ережелерін саналы сақтауға құлықсыздығы мен саналы түрде жалтаруда көрініс алады. Ал қоғам үшін ең қауіптісі, билік немесе қаржылық элиталардың кейбір бөліктерінің өздерін құқық немесе заңнан жоғары қоюы немесе бағынбауы, сол арқылы көпшіліктің ойына құқықпен заң заңдардың абыройына қатысты теріс, жағымсыз ой салуы. Осы орайда қазақтың «алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» деген сөзі еріксіз еске түседі. Яғни, біздің айтқымыз келгені «билік», «беделділікке» бой ұсынатын және еліктейтін қазақстандық қоғамда «элитаның» жүріс-тұрысы, мәдениеті, өзін өзі ұстау этикасы сөзсіз көпшіліктің мінез құлқы мен жүріс-тұрысына орасан зор әсерін тигізеді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай қоғамдағы мәдениет деңгейінің төмендеуі мен құқықтық нигилизм тікелей байланысты. Қоғамның көптеген мүшелері бір-бірінің өмірлік мүдделеріне нұқсан келтіретін моральдық-құқықтық нормаларды бұзып, скептиктерге айналғанда, заң үстемдік ететін және оған бағынатын қоғамның қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан моральдық негіздері әлсіреген қоғам өзінің әл-ауқаты мен дамуына қажетті ішкі ынтымақтастығы мен азаматтық ізгі қасиеттерін жоғалтады.

Азаматтық қоғам оның мүшелері құқықтық мәдениет және әлеуметтік, зияткерлік дамудың жоғары деңгейіне ие, өзінің таңдауында ерікті және өз іс-әрекетіне жеке дара жауап беруге,

азаматтық белсенділік танытуға қабілетті жағдайда ғана өміршең болады [7; 22]. Айта өту керек, қазақстандық қоғамда құқыққа қарым қатынас әр түрлі деңгейде қабылданады, ал азаматтардың құқықтық жүріс-тұрысын көп жағдайда заңға бағынышты деп айтуға болмайды. Дегенмен, біздің қоғамымызда құқыққа, оның абыройына бағынушылық белгілері де байқалады.

Құқықтық нигилизм заңның рөлін, оның барлық субъектілер мен қоғам үшін пайдасын жоққа шығарып қоймай, ықтимал дамудың перспективаларын да құнсыздандырады. Мұндай жағдайға құқықтық реттеудің және тәжірибенің жетіспеушілігі, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмен деңгейі де үлкен әсер етеді. Құқықтық нигилизм заңды білмеумен тікелей қарым-қатынаста сипатталуы мүмкін, ал екінші жағынан, белгілі бір адамның дүниетанымдық көзқарастарының негізі ретінде әрекет етуі мүмкін. Бұл жағдайда кейбір азаматтар өмірінің негізі бағдары етіп дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жоғары қояды да, құқық және заң ережелері екінші орынға ауысады және өмір сүрудің қажетті элементі ретінде қабылданбайды.

Сонымен қатар, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының мазмұны негізінен құқық пен саясатты білуге байланысты, сонымен қатар олар әлеуметтік, саяси және құқықтық нақтылықпен қамтамасыз етілуі мүмкін. Алайда құқық пен саясатты білу заңды мінез-құлықтың шешуші факторы болып табылмайды. Бұл факторлар тек теріс санкциялар, құқықтық тәрбиелеуді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ерекше әрқашанда қолайлы емес объективті жағдайларында тұлғаның құқықтық көзқарастарының қалыптасуына әсер ететін ұлттық мемлекеттік-құқықтық идеологияны да қамтиды.

Қазақстандағы құқықтық нигилизмді қоғамдық-саяси жағдайдың халықтың құқықтық мәдениетіне әсер етуінің елеулі бір көрінісі ретінде де айтуға болады. Жалпы, Қазақстандағы нигилистік сана қоғамдық-саяси негіздердің түбегейлі өзгеруімен сабақтасатын өтпелі кезеңге тән объективті құбылыс. Көп жағдайда реформалар халықтың өмір сүру деңгейінің айтарлықтай төмендеуі жағдайында жүргізілсе, көпшілік күрделі өзгерістер мен толқуларды үлкен ынтымақпен қабылдамайды. Реформалар мен өзгерістер қоғамдық-саяси және экономикалық тұрғыдан әбден бағаланбайынша көпшілік барлық жаңа артықшылықтарды қабылдамайды. Құқықтық нигилизм деңгейі ол көрініс алатын мемлекет және қоғамның салауатының өзіндік көрсеткіштерінің бірі болады деп айтуға болады. Сондықтан Қазақстандағы құқықтық нигилизмді тек заңды түсінік ғана емес, ол құқықты немесе оның жеке нормаларын әлеуметтік, саяси субъектілер немесе жалпы қазақстандық қоғаммен бағалау нәтижесінде туындайтын әлеуметтік-саяси құбылыс деп сеніммен айтуға болады [8].

Құқықтың әлеуметтік маңызын жоққа шығару, құқыққа, құқықтық тәртіпке деген құрметтің болмауы бүгінгі нигилизмнің басты сипаттары болып табылады. Сонымен бірге, әртүрлі деңгейдегі жекелеген мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың тарапынан орын алатын құқыққа деген немқұрайлылық, менсінбеушілік, сенімсіздік көрсету сияқты сипаттар да нигилизмнің көрінісі деп айтуға болады. Нигилизм екі нысанда орын алады: біріншісі, құқықты ашық түрде жоққа шығару, оның қағидалары мен нормаларын ескерусіз қалдыру; екіншісі, құқықтық нормаларды біле отырып, оларды өз мақсатына пайдалану [9; 270]. Әдетте, қоғамда адамдардың кейбір бөлігі құқықты жоққа шығарып, оған мойынұсынғысы келмесе, екінші бөлігі сол құқық нормаларын мұқият зерттеп оларды айналып өту тетіктерін қарастырады. Құқықтық нигилизм тек қарапайым халық арасында ғана емес, сол құқықтың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін және қадағалайтын мемлекеттік қызметшілер арасында да жиі орын алады.

Қазақстандық ғалым С. Өзбекұлының пікірінше, құқықтық нигилизм — қоғамда қабылданған, мойындалған құқықтық құндылықтарды, қағидалар мен заңнаманың мүмкіндіктерін жоққа шығару, сенімсіздік таныту арқылы биліктің заңсыздығы мен бассыздығына көз жұма қарау болып табылады [10; 149]. Құқықтық нигилизмнің бұл анықтамасы дәстүрлі заң әдебиеттерінде берілетін анықтамадан өзгеше, қазақстандық қоғамдағы құқықтық нигилизмнің сипатын көрсетеді деп айтуға болады.

Бүгінгі күні Қазақстандағы құқықтық нигилизм ең «қарапайым» құқықтық нормаларды, атап айтқанда жол қозғалысы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін, салықтарды төлемеу, заңдық міндеттерден жалтару және тағы басқа құқық нормаларын бұзу және сақтамауда көрініс табады. Құқықтық нигилизм сияқты құбылысты жеңу үшін азаматтарды қоғам мен жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруге ұмтылуға ынтыландыру қажеттілігі айдан анық болып табылады.

Жеке тұлғаның құқықтық санасының деңгейінің өсуі қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің жағдайының өзгеруіне тікелей байланысты. Сол үшін де қоғамның жалпы құқықтық

мәдениеті мен құқықтық санасының тұрақты оңтайлы қызмет етуі, жеке тұлғалардың құқықтық санасын дамыту үшін мұндай әлеуметтік институттардың қалыптасуы үнемі жаңартып отырудың маңызы зор. Мысалы, құқықтық жүйенің бөлігі болып табылатын компоненттер құқықтық институттар тұлғаның құқықтық санасына тікелей әсер етеді. Құқықтық түсінікке заңдардан басқа азаматтардың құқықтық санасының қабылдаулары, көзқарастары да өз әсерін тигізеді [11; 94].

Біздің ойымызша, мемлекет тарапынан құқықтық нигилизмді еңсеру мен жою жөнінде кешенді жүйелі жұмыс жүргізілуі тиіс. Бұл шараға барынша қоғамның кең бөлігі тартылуы тиіс. Сонымен бірге қоғамның аса маңызды буыны кәметке толмағандар арасында құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылықтың алдын алу ерекше маңызға ие. Құқықтық тәрбие — мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың құқықтық тәжірибені беру жөніндегі мақсатты қызметі; құқықтық нормалардың сақталуын, орындалуын және қолданылуын қамтамасыз ететін белгілі бір оң идеяларды, көзқарастарды, құндылық бағдарларды, көзқарастарды қалыптастыру мақсатында адамның санасы мен мінез-құлқына жүйелі әсер ету [12; 121].

Құқықтық нигилизммен күресудің келесі бағыттары үнемі және үздіксіз жүргізілуі тиіс: 1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекетпен қамтамасыз етуі; 2) мемлекет аумағында заңдылықты нығайту; 3) мемлекеттің негізгі және өзге де заңдарының үстемдігін қамтамасыз ету; 4) мемлекеттің құқықтық жүйесін үнемі жетілдіру; 5) мемлекетте құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету; 6) сот және құқық қорғау органдарының беделін арттыру; 7) мемлекетте құқықтық білім берудің жүйесін қалыптастыру.

Сонымен бірге, тағы бір парадоксалды жәйттердің бірі, саяси-құқықтық жүйенің, заңдардың жетілмегендігін байқайтын қазақстандықтардың көпшілік бөлігі, өкінішке орай, жағдайды түзетуге ұмтылмайды. Керісінше, қоғамда құқықтық жүйе түзелмейді деген пікір де кең таралған. Азаматтар сайлау мен референдумға, әр түрлі деңгейдегі сайлауларға қатысуға әлі де болса құлық танытпайды. Көбінесе мұндай шараларға азаматтардың жаппай қатысуы тек әкімшілік ресурстардың араласуымен жүзеге асады. Азаматтардың бұл ұстанымы өз пікірі ештеңені өзгерте алатынына сеніммен қарамайтынын көрсетеді. Яғни, бұдан демократиялық құндылықтардың адамдардың санасына әлі де болса сіңбеуін көруге болады. Бұл ретте заңдар мен жүргізіліп отырған саясатқа оңды сын айту тәжірибесінің қалыптаспауы да өз әсерін тигізеді. Мысалы, ұлттық құқықты сынау жағдайларында оған қарама-қарсы құбылыс заңдарды мойындамау, құқықтық демагогия және тағы басқалары орын алады. Көп жағдайда, құқық ережелеріне сын айту конструктивті және құзыретті бағытта болмайды. Тұтастай құқықты жоққа шығару қазақстандық қоғамдағы құқықтық атмосфераның нашарлауына әкеледі. Бұл құбылыс әдетте «тарихи дамудың дағдарыстық дәуірлерімен байланысты» [13; 606].

Дегенмен, құқықтық нигилизмнің басты себептерінің бірі азаматтардың құқықтық сауаттылығының әлі де болса төмендігі, қоғамымыздағы заңсыз сананың теріс түрлерінің таралуына қолайлы жағдай жасалуы, сол арқылы қоғамдық сананы манипуляциялауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

Қазақстандық қоғамдағы азаматтарға тән бірегей құқықтық сананың сипаты құқықтық институттардың жүздеген жылдардағы тарихтағы нақты қызметімен де анықталады. Қазақстандық құқықтық нигилизм қазіргі заманның жемісі емес, оның тамыры мемлекет тарихында тереңде жатыр. Тек соңғы жылдар қазақстандық қоғамы үшін қоғамдық-саяси өмірдегі айқын, бұрын жасырылған қайшылықтарды анықтайтын бетбұрысты кезең болды деуге болады. Осының салдарынан мемлекеттің қазіргі құқықтық жүйесі мен құқықтық саясатының кемшіліктері мен олқылықтары айқын көрініс таба бастады.

Демек, осы факторлардың барлығы ғалымдар мен зерттеушілерді азаматтарды құқықтық әлеуметтендіру және құқықтық тәрбиелеу мәселесіне тереңірек назар аударуға итермелейді. Сонымен бірге қазақстандықтардың құқықтық санасына құқықтық және саяси жүйелердің жаһандануы мен өзара тығыз интеграциялануының ықпал ететінін ескеру қажет. Оны қоғамдағы батыстық құқықтық, саяси идеялар мен құндылықтардың кең таралуынан көруге болады. Айта кету керек, қазақстандықтардың құқықтық санасына мұндай әсер ету әрқашан оңды бола бермеуі мүмкін. Бұл факторларды саяси үдерістегі қазақстандықтардың нигилизмдік, құқықтық емес санасы мен құқықтық мәдениетке қарсы көріністерін жоюға бағытталған жұмыстарды жүргізу кезінде де ескеру қажет.

## Қорытынды

Сонымен, жоғарыда келтірілген жайттарды сараптай келе, құқықтық нигилизм феноменінің, жалпы нигилизмді сыртқы факторлардың әсер етуі нәтижесінде және азаматтардың ішкі ментальдық деңгейінде саналы немесе бейсаналы нысанда бағалау салдарынан орын алатын жағымсыз құбылыс деп айтуға болады. Ол белгілі бір нақты факторлардың әсер етуі нәтижесінде азаматтардың құқықтық менталитетінде көрініс табады. Демек, қазақстандық құқықтық менталитетті жетілдіру, мемлекетпен құқыққа қатысты оңды, жағымды идеяларды дамыту арқылы құқықтық нигилизмді еңсеру туралы айтуға болады.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта құқықтық нигилизм, ол көрініс алатын деструктивті сипаттағы түрлі заңға қарсы әрекеттер мен қылмыстар (сыбайлас жемқорлық, тұрмыстық зорлық зомбылық, бұзақылық, буллинг және тағы басқалары) қоғамға, азаматтарға, жалпы мемлекетке де орасан зор зиянын келтіреді. Қазақстан мемлекеті үшін құқықтық нигилизмді жою және заң үстемдігін орнату, қоғам мен азаматтар тарапынан оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік құндылығы мен маңыздылығын ұғыну, заң билігін орнату жөніндегі күш-жігерді оңтайландыру процесі өзекті мәселе болып табылады. Демек, бүгінгі құқықтық шынайылық құқықтық нигилизмнің себептерін, бұл құбылыстың мәнін тереңірек саяси-құқықтық түсінуді, осы құбылыспен күресудің құқықтық тетіктері мен құралдарын жедел түрде әзірлеуді талап етеді.

Қазақстандық құқықтық менталитеттің құқықтық нигилизм процестеріне әсері, бұл құбылыстардың ара қатынасы, сондай-ақ құқықтық нигилизмнің құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті дамытуға әсерін анықтау тереңірек және жан жақты талдау мен зерттеуді қажет етеді. Құқықтық жүйеге біркелкі енгізілген және тиісті түрде нормативтік қамтамасыз етілген жағдайда ғана қоғамда құқықтық менталитет элементтерінің тиімді қалыптасуы мен дамуы туралы айтуға болады. Тұлға санасының терең қабатында жатқан психикалық ментальдық деңгейіне оң әсер ету арқылы оның құқықтық санасын қалыптастыруға, сол арқылы құқықтық мәдениетін көтеруге жағдай жасалынады. Бұл өз кезегінде, азаматтардың санасына заң үстемдік ететін қоғам жағдайында құқықтық менталитетті қалыптастырудың, жаппай орын алатын құқықтық нигилизмді еңсеру тетіктерін ендірудің және оңтайлы құқықтық реттеудің маңызы зор екендігін көрсетеді.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Ануфриева Б.А. Российский менталитет как социально-политический и духовный феномен / Б.А. Ануфриева, Л.В. Лесная // Соц.-полит. журн. — 1997. — № 3. — С. 16–27.
- 2 Мурунова А.В. Правовой менталитет и правовая идеология как структурные элементы правосознания / А.В. Мурунова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.consultant.ru/> (Дата обращения: 18.03.2023).
- 3 Гуляйхин В.Н. Правовой менталитет российских граждан / В.Н. Гуляйхин // Юридические исследования. — 2012. — № 4. — С. 108–133.
- 4 Меняйло Д.В. Понятие «правовой менталитет» в работах отечественных ученых / Д.В. Меняйло, Л.Н. Меняйло, Ю.А. Иванова // Вестн. Моск. ун-та МВД России. — 2018. — № 2. — С. 219–222.
- 5 Егизбаев К.Б. Профилактика правового нигилизма казахстанского общества путем правового воспитания несовершеннолетних / К.Б. Егизбаев. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [online.zakon.kz/](http://online.zakon.kz/) (Дата обращения: 19.11.2023).
- 6 Доклад «Правовой нигилизм как издержка современного развития Казахстана» — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [infozakon.kz/http://](http://infozakon.kz/) (Дата обращения: 19.11.2023).
- 7 Савельева Е.А. Гражданская активность молодежи: варианты концептуализации понятия / Е.А. Савельева // Вестн. РУДН. — Сер. Социология. — 2013. — № 2. — С. 21–31.
- 8 Абсаттаров Г.Р. Правовая культура: характеристики и специфика (на примере современного Казахстана) / Г.Р. Абсаттаров. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [cyberleninka.ru/](http://cyberleninka.ru/) (Дата обращения: 19.11.2023).
- 9 Теория государства и права / под ред. А.У. Бейсеновой. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 с.
- 10 Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы / С. Өзбекұлы, Ө. Қопабаев. — Алматы: Жеті Жарғы, 2006. — 264 б.
- 11 Акмамбетов Г. Сознание в социокультурном контексте / Г. Акмамбетов. — Алматы: Енбек, 1993. — С. 94–202.
- 12 Матузов Н.И. Теория государства и права: учеб. / Н.И. Матузов, А.В. Малько. — М.: Юрист, 2004. — 245 с.
- 13 Философский словарь. — Киев: АСК, 2006. — 1056 с.

Д.А. Бакиров, Н.Д. Мырзатаев

## Казахстанский правовой менталитет и правовой нигилизм

Повышение правовой культуры и правосознания в современном казахстанском обществе стало одной из актуальных проблем юридической действительности. Кроме того, они вызывают беспокойство и вопросы правового нигилизма. Статья посвящена изучению правового менталитета, правового нигилизма, правовой культуры и правосознания в казахстанском обществе. Авторами рассмотрено понятие «правовой менталитет», его взаимосвязь и влияние с понятием правового нигилизма. Необходимость изучения феномена правового менталитета и его связи с правовым нигилизмом обоснована тем, что последнее понятие играет важную роль в повышении в казахстанском обществе правовой культуры и правового сознания на новый уровень. Правовой нигилизм отрицает влияние усилий и шагов, предпринимаемых государством и обществом для обеспечения верховенства права. Однако формирование правовой культуры и правосознания невозможно без учета ментальных особенностей личности и общества. Характер любого общества определяется уровнем правосознания и правовой культуры его членов. Изучение правового менталитета и поднятие его понимания на новый уровень позволяют сформировать позитивное отношение общества и личности к праву, понять причины и последствия правового нигилизма и принять оптимальные меры борьбы с ним. В связи с этим исследование правового нигилизма и его преодоление следует рассматривать комплексно, в тесной связи с вопросами правового сознания, правовой культуры и правового менталитета, с учетом ментальных особенностей граждан в обществе, их системы общей ценности. Результатом исследования является выделение современного состояния национальной правовой системы, определение и анализ казахстанского правового менталитета и правового нигилизма с точки зрения сегодняшнего дня, разработка направлений и мер для их глубокого понимания.

*Ключевые слова:* правовая культура, правосознание, правовой менталитет, правовой нигилизм, правовое регулирование.

D.A. Bakirov, N.D. Myrzataev

## Kazakhstan legal mentality and legal nihilism

Improvement of legal culture and legal consciousness in modern Kazakhstani society has become one of the urgent problems of legal reality. In addition, questions of legal nihilism are also causing concern. The article is devoted to the study of legal mentality, legal nihilism, legal culture and legal consciousness in Kazakhstani society. The concept of legal mentality, its interrelationship with the concept of legal nihilism and its influence were considered in the article. The need to study the phenomenon of legal mentality and its connection with legal nihilism is based on the fact that this study plays an important role in raising the legal consciousness and the legal culture in the Kazakhstani society to a new level. In this regard, legal nihilism denies the impact of efforts and steps taken by the state and society to ensure the rule of law. However, the formation of legal culture and legal consciousness is impossible without taking into account the mental characteristics of the individual and society. The character of any society is determined by the level of legal consciousness and culture of its members. Studying the legal mentality and raising its understanding to a new level allows to form a positive attitude of the society and the individual towards the law, and to understand the causes and effects of legal nihilism and take optimal measures to combat it. In this regard, the study of legal nihilism and its overcoming should be considered in a complex manner, in close connection with the issues of legal consciousness, legal culture and legal mentality, taking into account the mental characteristics of citizens in society, their common value system. The result of the research is to distinguish the current state of the national legal system, to identify and analyze the Kazakhstani legal mentality and legal nihilism from today's point of view, to develop directions and measures for deep understanding.

*Keywords:* legal culture, legal consciousness, legal mentality, legal nihilism, legal regulation.

### References

- 1 Anufrieva, B.A., & Lesnaia, L.V. (1997). Rossiiskii mentalitet kak sotsialno-politicheskii i dukhovnyi fenomen [Russian mentality as a socio-political and spiritual phenomenon]. *Sotsialno-politicheskii zhurnal — Socio-Political Journal*, 3, 16–27 [in Russian].
- 2 Murunova, A.V. (2023). Pravovoi mentalitet i pravovaia ideologiya kak strukturnye elementy pravosoznaniia [Legal mentality and legal ideology as structural elements of legal consciousness]. *www.consultant.ru* Retrieved from <http://www.consultant.ru> [in Russian].
- 3 Guliaikhin, V.N. (2012). Pravovoi mentalitet rossiiskikh grazhdan [Legal mentality of Russian citizens]. *Yuridicheskie issledovaniia — Legal studies*, 4, 108–133 [in Russian].

- 4 Meniailo, D.V., Meniailo, L.N., & Ivanova, Yu.A. (2018). Poniatie «pravovoi mentalitet» v rabotakh otechestvennykh uchenykh [The concept of “Legal mentality in the works of domestic scientists”]. *Vestnik Moskovskogo universiteta MVD Rossii — Bulletin of Moscow University of the Ministry of Internal Affairs of Russia*, 2, 219–222 [in Russian].
- 5 Egizbaev, K.B. (2023). Profilaktika pravovogo nigilizma kazakhstanskogo obshchestva putem pravovogo vospitaniia nesovershennoletnikh [Prevention of legal nihilism in Kazakhstan society through legal education of minors]. Retrieved from [online.zakon.kz/](http://online.zakon.kz/) [in Russian].
- 6 (2023). Doklad «Pravovoi nigilizm kak izderzhka sovremennogo razvitiia Kazakhstana» [Legal nihilism as a cost of modern development of Kazakhstan]. Retrieved from [http:// infozakon.kz/](http://infozakon.kz/) [in Russian].
- 7 Saveleva, E.A. (2013). Grazhdanskaia aktivnost molodezhi: varianty kontseptualizatsii poniatiia [Youth civic engagement: options for conceptualizing the concept]. *Vestnik RUDN. Seriya Sotsiologiya — Bulletin of Russian People's Friendship University. Series Sociology*, 2, 21–31 [in Russian].
- 8 Absattarov, G.R. (2023). Pravovaia kultura: kharakteristiki i spetsifika (na primere sovremennogo Kazakhstana) [Legal culture: characteristics and specifics (using the example of modern Kazakhstan)]. Retrieved from [cyberleninka.ru/\\_](http://cyberleninka.ru/) [in Russian].
- 9 Beisenova, A.U. (2006). Teoriia gosudarstva i prava [Theory of State and Law]. Almaty: Atamura [in Russian].
- 10 Uzbekuly, S., & Kopabaev, U. (2006). Memleket zhane quyqy teoriiasy [Theory of State and Law]. Almaty: Zheti Zhargy [in Kazakh].
- 11 Akmambetov, G. (1993). Soznanie v sotsiokulturnom kontekste [Consciousness in a sociocultural context]. Almaty: Enbek [in Russian].
- 12 Matuzov, N.I. & Malko, A.V. (2004). Teoriia gosudarstva i prava: uchebnik [Theory of State and Law: Textbook]. Moscow: Yurist [in Russian].
- 13 (2006). Filosofskii slovar [Philosophical Dictionary]. Kiev: ASK [in Russian].

#### Information about the authors

**Bakirov D.A.** — Doctoral student of the Department «Jurisprudence and International Law» of the University «Turan», Almaty, Kazakhstan;

**Myrzataev N.D.** — PhD, senior lecturer of Department of Civil, Civil Procedural and Labor Law KazNU, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [muxametnur@mail.ru](mailto:muxametnur@mail.ru).